



ЕҢБЕК РЕСУРСТАРЫН ДАМУ ОУАЛЫҒЫ  
ЦЕНТР РАЗВИТИЯ ТРУДОВЫХ РЕСУРСОВ  
WORKFORCE DEVELOPMENT CENTRE

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛҚЫНЫҢ 2020 ЖЫЛДЫҢ 2 ТОҚСАНЫНДАҒЫ КІРІСТЕРІН ТАЛДАУ

Нұр-Сұлтан, 2020 қыркүйек

*"Еңбек ресурстарын дамыту орталығы"АҚ (бұдан әрі – ЕРДО) өңірлердегі халықтың жан басына шаққандағы орташа кірістері бойынша және кірістер құрылымы бойынша деректерге негізделі отырып дайындалған "2020 жылдың 2 тоқсанындағы халықтың кірістерін талдау" ақпараттық-талдамалық материалын ұсынады*

## **Қазақстан Республикасы халқының 2020 жылдың 2 тоқсанындағы кірістерін талдау**

**WDC – AN – SL – 2020 – 2**

Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., 010000,

Мәңгілік Ел даңғылы, 8, 3 кіреберіс

ресми сайт: [iac.enbek.kz](http://iac.enbek.kz)

телефон: +7 (7172) 74-29-00

email: [centr@enbek.kz](mailto:centr@enbek.kz)

Еңбек ресурстарын дамыту орталығы АҚ © 2020, барлық құқықтары қорғалған

## **Мазмұны**

<b>I. Қазақстан Республикасы бойынша талдау.....</b>	<b>4</b>
<b>II. Өңірлер бөлінісінде талдау.....</b>	<b>6</b>
<b>III. Қорытындылар.....</b>	<b>11</b>

## **Суреттер тізімі**


1 сурет. Қазақстандағы халық кірісінің серпіні .....	4
2 сурет. Қазақстан халқы кірістерінің құрылымы, %-дық үлестері .....	5
3 сурет. Халық кірістерінің құрылымы, теңге .....	6
4 сурет. Қазақстан өңірлері бөлінісінде халық кірістерінің серпіні .....	7
5 сурет. Өңірлер бөлінісінде Қазақстан халқы кірістерінің құрылымы ...	8
6 сурет. 2020 жылдың 2 тоқсанындағы халықтың жан басына шаққандағы жалдамалы жұмыстан түсетін кірістер географиясы .....	9
7 сурет. Қазақстан өңірлері бөлінісінде әлеуметтік трансферттердің серпіні .....	10

## I.Қазақстан Республикасы бойынша талдау

Қазақстан Республикасында 2020 жылдың екінші тоқсанында халықтың жан басына шаққандағы орташа кірісі 182,5 мың теңгені құрады. Бұл ретте 2019 жылдың екінші тоқсанының көрсеткіштерімен салыстырғанда өсім

7,6% - ды құрады. Серпінде халықтың атаулы кірістері өсу үрдісіне ие. Тоқсандық кірістерді өткен жылдың тиісті кезеңінің деректерімен салыстыру кезінде кірістердің өсу қарқынының төмендеуі байқалғанын атап өткен жөн.

### 1 сурет. Қазақстандағы халық кірісінің серпіні




### Дереккөз: ҰЭМ СК деректері бойынша ЕРДО

Халық кірістерінің құрылымында кірістің 56,5% – ын жалдамалы жұмыстан түсетін кіріс, 31,3% – ын әлеуметтік трансферттер, 8,1% – ын өзін-өзі жұмыспен қамтудан немесе кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістер, 4,1% - ын басқа да кірістер құрайды. 2019 жылдың екінші тоқсанындағы кірістердің құрылымымен салыстырғанда әлеуметтік трансферттерден түсетін кірістердің үлесі 2020 жылдың екінші тоқсанында жалдамалы жұмыстан түсетін кірістер (5,9 т.) және өзін-өзі жұмыспен қамтудан немесе кәсіпкерлік қызметтен түсетін

кірістер (2,3 т.) үлесінің төмендеуі аясында 7,9 т.-ға өсті. Осындай үрдіс кірістердің құрылымын 2020 жылдың бірінші тоқсанымен салыстыру кезінде байқалады: әлеуметтік трансферттер үлесінің 3,5 т.-ға өсуі, жалдамалы жұмыстан түсетін кірістер үлесінің 2,7 т.-ға және өзін-өзі жұмыспен қамтудан түсетін кірістер үлесінің 1,2 т.-ға төмендеуі. Әлеуметтік трансферттер үлесінің өсуі 2020 жылы зейнетақылар мен жәрдемақылардың мөлшерін екі рет арттырудың жүргізілуіне, сондай-ақ төтенше жағдай кезеңінде қызметінің шектелуіне байланысты табысынан

айырылған азаматтарға әлеуметтік төлемнің (42,5 мың теңге) енгізілуіне байланысты болуы ықтимал.

## 2 сурет. Қазақстан халқы кірістерінің құрылымы, %-дық үлестері




Дереккөз: ҰЭМ СК деректері бойынша ЕРДО

Республика бойынша халықтың 2020 жылдың екінші тоқсанындағы кірістерінің құрылымы абсолюттік мәнде мынадай: жалдамалы жұмыстан түсетін кірістер – жан басына шаққанда 103,1 мың теңге, әлеуметтік трансферттер – 57,1 мың теңге, өзін – өзі жұмыспен қамтудан немесе кәсіпкерлік қызметтен

түсетін кірістер - 14,8 мың теңге, өзге де кірістер - 7,5 мың теңге. 2019 жылдың екінші тоқсанымен салыстырғанда кірістердегі төмендеу жалдамалы еңбектен және өзін-өзі жұмыспен қамтудан және кәсіпкерлік қызметтен түскен әрбір кірісте 2,8 мың теңгеге болды.

### 3 сурет. Халық кірістерінің құрылымы, теңге




Дереккөз: ҰЭМ СК деректері бойынша ЕРДО

## II. Өңірлер бөлінісінде талдау

2020 жылдың екінші тоқсанындағы деректер бойынша өңірлер бөлінісінде жан басына шаққандағы ең көп кіріс Нұр-Сұлтан қаласында және тоқсанына 241,3 мың теңгені құрайды, ең азы – Түркістан облысында (113,3 мың теңге) байқалады. Бұл ретте кірістердің 2019 жылдың екінші тоқсанының деректерімен салыстырғанда қысқаруы Алматы қаласында ғана орын алды (4,5% - ға). Сауда Алматы қаласының

ЖӨӨ-нің 34% - дан астамын алатынын ескере отырып, шектеу шараларының енгізілуіне байланысты сауданың елеулі бөлігінің жұмыс істеуге және толық көлемде ақша табуға мүмкіндігі болмады деп болжауға болады. Өз кезегінде, кірістердің ең көп өсуі Ақмола облысында – 16,1%, Қызылорда облысында – 14,2% және Батыс Қазақстан облысында - 14% байқалды.

## 4 сурет. Қазақстан өңірлері бөлінісінде халық кірістерінің серпіні




Дереккөз: ҰЭМ СК деректері бойынша ЕРДО

Халықтың тоқсандық кірістерінің құрылымында жалданып істейтін жұмыстан түсетін кірістердің ең көп үлесі Маңғыстау облысында (барлық кірістердің 75,3%) байқалады. Жалдамалы жұмыстан түсетін кіріс үлесінің ең төмен көрсеткіштері Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарына тиесілі (тиісінше 44,1% және 36,8%). Бұл ретте Түркістан облысында өзін-өзі жұмыспен қамтудан және кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістер өңірдің барлық кірістерінің шамамен 26,3% - ын құрайды. Бұл Түркістан облысында өзін – өзі жұмыспен қамтығандардың ең көп саны

- 2020 жылдың екінші тоқсанындағы деректер бойынша 362,2 мың адамның болуының салдары болуы мүмкін. Солтүстік Қазақстан облысында кірістің 43,9%-ы, Шығыс Қазақстан облысында – 41%-ы әлеуметтік трансферттермен (зейнетақыны қоса алғанда) қалыптасты. Айта кету керек, 2020 жылдың бірінші тоқсанымен әлеуметтік трансферттердің үлесі барлық өңірлерде өсті: ең төменгі өсім 1,5 т.-ға Солтүстік Қазақстан облысында, ең жоғары өсім 8 т.-ға Түркістан облысында болды.

## 5 сурет. Өңірлер бөлінісінде Қазақстан халқы кірістерінің құрылымы




### Дереккөз: ҰЭМ СК деректері бойынша ЕРДО

2020 жылдың екінші тоқсанында Қазақстан Республикасы бойынша жалдамалы жұмыстан түсетін кірістер халықтың жан басына шаққандағы 103,1 мың теңгені құрады. 2019 жылдың екінші тоқсанының көрсеткіштерімен салыстырғанда 2,6% - ға төмендеу байқалады. Ақшалай баламада жалдамалы жұмыстан түсетін ең көп кіріс Маңғыстау облысына – жан басына

шаққандағы 159,6 мың теңге, ал ең азы Түркістан облысына (жан басына шаққандағы 41,7 мың теңге) келеді. Айта кету керек, өткен жылдың ұқсас тоқсанымен салыстырғанда жалдамалы жұмыстан түсетін кірістің ең жоғары өсімі Қызылорда облысында – 11,6%, ал ең жоғары төмендеу Шымкент қаласында байқалады (минус 29%).



## 6 сурет. 2020 жылдың 2 тоқсанындағы халықтың жан басына шаққандағы жалдамалы жұмыстан түсетін кірістер географиясы



Дереккөз: ҰЭМ СК деректері бойынша ЕРДО

Республика бойынша өзін-өзі жұмыспен қамтудан және кәсіпкерлік қызметтен түскен кірістер 2019 жылдың екінші тоқсанымен салыстырғанда 16% - ға төмендеп, 2020 жылдың екінші тоқсанында халықтың жан басына шаққандағы 14,8 мың теңгені құрады. Өзін – өзі жұмыспен қамтудан ең көп кіріс Түркістан облысында – 29,8 мың теңге, ал ең азы Қарағанды облысында – 7,2 мың теңге алады. 2019 жылдың екінші тоқсанымен салыстырғанда іс жүзінде барлық өңірлерде өзін-өзі жұмыспен қамтудан түсетін кірістердің төмендеуі байқалады, бұл ретте ең жоғары құлдырау Ақтөбе облысында (49,5% - ға) және Алматы қаласында (45,5% - ға) байқалады. Шымкент қаласы - 2019 жылдың екінші тоқсанымен салыстырғанда 46,8% - ды құраған кірістің өсу көрсеткіштері бар жалғыз өңір. 2019 жылдың аяғынан бастап елде


төтенше жағдай енгізу және бизнес жұмысын уақытша тоқтата тұру әсер етуі мүмкін өзін-өзі қамтудан және кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістердің төмендеуі маңызды үрдіс болып табылады.

Қазақстан Республикасы бойынша әлеуметтік трансферттер 2020 жылдың екінші тоқсанында жан басына шаққанда 57,1 мың теңгені құрады, бұл ретте 2019 жылдың екінші тоқсанымен салыстырғанда 43,7% - ға ұлғайды. Ең көп әлеуметтік трансферттерді Солтүстік Қазақстан облысында - жан басына шаққанда 88 мың теңге, ал ең азы Түркістан облысында (жан басына шаққанда 39,2 мың теңге) алады. 2019 жылдың екінші тоқсанымен салыстырғанда өсім барлық өңірлерде, ал ең жоғары көрсеткіш Шымкент қаласында (99,3%-ға) байқалады.

Жалпы, халықтың әлеуметтік трансферттерден түскен кірістерінің өсу үрдісі бар. Бұл ретте 2020 жылдың бірінші тоқсанынан бастап оның жиынтық кірістердегі үлесінің күрт өсуі байқалады; мәселен, 2020 жылдың

бірінші тоқсанында әлеуметтік трансферттерден түсетін кірістердің өсуі алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда 16,2% – ды, 2020 жылдың екінші тоқсанында 16% - ды құрады.

## 7 сурет. Қазақстан өңірлері бөлінісінде әлеуметтік трансферттердің серпіні



Дереккөз: ҰЭМ СК деректері бойынша ЕРДО

### III. Қорытындылар

Қазақстан Республикасында жан басына шаққандағы кіріс тұрақты өсуде, алайда олардың өсу қарқыны айтарлықтай төмендеді. Мемлекет зейнетақылар мен жәрдемақылардың мөлшерін ұлғайту жолымен халықты әлеуметтік қамтамасыз ету және қолдау мәселелеріне ерекше назар аударады, бұл халық табысының 31% - дан астамы әлеуметтік трансферттерді қалыптастыру түрінде өз нәтижелерін береді.

2020 жылдың екінші тоқсанында халықтың жан басына шаққандағы ең жоғары атаулы кірістер Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында, сондай-ақ Қарағанды және Маңғыстау облыстарында байқалады. Ең төменгі кірісті оңтүстік өңірлер – Түркістан,

Жамбыл облыстарының тұрғындары алады.

2020 жылдың бірінші тоқсанында жалдамалы жұмыстан түсетін кірістің төмендеуі байқалды, 2020 жылдың екінші тоқсанында құлдырау үрдісі жалғасты. Өзін-өзі қамтудан және кәсіпкерлік қызметтен түсетін кірістер де қатарынан үшінші тоқсан бойы азайып жатыр. Бұл халық кірісінің азаюы коронавирус пандемиясының ықпалына және карантиндік шаралардың енгізілуіне байланысты болуы мүмкін.

2020 жылдың екінші тоқсанында әлеуметтік трансферттерден ең көп кіріс Солтүстік Қазақстан облысында - 88 мың теңге, Шығыс Қазақстан облысында – 86,5 мың теңге алады.